

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 216 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Бірлескен қазақстандық-сингапурлық кәсіпорын - "Қаз-СТ инжиниринг Бастау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды - мектептерді жабдықтау үшін лингафондық және мультимедиялық кабинеттерді беруші болып белгіленсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 036 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бағдарламасы бойынша және жергілікті бюджеттерде оларды сатып алуға көзделген қаражат шегінде 2005 жылы 4395200000 (төрт миллиард үш жүз тоқсан бес миллион екі жүз мың) теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен 2023300000 (екі миллиард жиырма үш миллион үш жүз мың) теңге сомада осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес тауарларды мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;
осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі